

Шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау кезінде заңдылықтың сақталуына талдау жүргізу

Конституцияның 1-бабының 1-бөлігіне сәйкес, Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Автомобиль көлігі саласындағы қызметі адамдар қауіпсіздігінің, олардың өмірі мен денсаулығын сақтаудың, табиғатты және мәдени құндылықтарды қорғаудың басымдығы қағидаты негізінде жүзеге асырылады («Автомобиль көлігі туралы» Заңның 4-бабы).

Өз кезегінде, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету кәметке толмағандардың құқықтарын қорғаудың басым бағыты болып табылады.

2021 жылы еліміздің түрлі өңірлерінде мектеп оқушыларын тасымалдайтын автобустардың өртенуі орын алды және адам өміріне қауіп төнді.

Балаларды білім беру объектілеріне және кері қарай үйге тасымалдау кезіндегі олардың қауіпсіздігі, ең алдымен, автокөлік құралдарының техникалық жай-күйіне, сондай-ақ осы көлік құралдарын басқаратын жүргізушілердің денсаулық жағдайы мен дағдыларына байланысты.

«Автомобиль көлігі туралы» Заңның 1-бабына сәйкес, автобус – сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлігі құралы болса, ал шағын автобус - отыратын орны он алтыдан аспайтын ерекше шағын сыныптағы автобус.

Бұдан басқа, «Жол жүрісі туралы» Заңның 73-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында көлік құралдарының оларды басқаруға арнайы құқық берілетін санаттары мен оларға кіретін кіші санаттары белгіленеді: «D» санаты – жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізушінің орнынан басқа, отыратын орындарының саны сегізден асатын автомобильдер; рұқсат етілген ең жоғары массасы жеті жүз елу килограмнан аспайтын, тіркеме тіркелген «D» санатындағы автомобильдер.

Ал, «D1» кіші санаты – жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізушінің орнынан басқа, отыратын орындарының саны сегізден асатын, бірақ он алтыдан аспайтын автомобильдер, рұқсат етілген ең жоғары массасы

жеті жүз елу килограмнан аспайтын, тіркеме тіркелген «D1» кіші санатындағы автомобильдер.

Яғни, «D» санаты – автобустарды, «D1» кіші санаты – шағын автобустарды жүргізу көзделген.

Сондай-ақ, Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасының 107-тармағының талаптарын бұза отырып (Инвестициялар және даму Министрінің м.а. 26.03.2015 жылғы №349 бұйрығымен бекітілген, бұдан әрі – Тасымалдау қағидалары)

Инвестициялар және даму министрдің м.а. 31.12.2015 жылғы №1288 бұйрығымен бекітілген «Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидасының» 3-тармағына сәйкес, тахографтармен жабдықтауға жолаушыларды және багажды автомобильмен облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) автобустар тұрақты емес тасымалдау жүзеге асырған кезде пайдаланылады. Демек, жүргізушілерді күнделікті медициналық куәландырудан өткізу және тахографтармен жабдықтау көлік құралын масаң және шаршаң күйде басқаруға жол бермейді, бұл өз кезегінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

«Автомобиль көлігі туралы» Заңның 18-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарын пайдалануға олардың иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылған жағдайда ғана жол беріледі. Жолаушылар мен багаж тасымалдауды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын автокөлік құралдарымен жол жүрген кезде жолаушылардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиян үшін тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі де міндетті сақтандырылуға жатады.

Балаларды тасымалдау үшін жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар, автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар жүргізушілерге рұқсат етіледі (Тасымалдау қағидасының 273-тармағы).

Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың әрқайсысының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оңай алынатын өрт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушінің кабинасында, басқасы – автобустың жолаушылар салонында), екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді) және т.б. болуы тиіс (Қағиданың 245-тармағы).

Тасымалдау қағидасының 247-бабына сәйкес, балаларды тасымалдауды бастамастан бұрын осы талаптарға сәйкес болуын тасымалдаушы пайдаланатын көлік құралдарының техникалық жай-күйі үшін жауапкершілік жүктелген лауазымды адам тексеруі тиіс (бас инженер, техникалық бақылау бөлімінің бастығы, өзге де жауапты адамдар). Соның ішінде, автобустан авариялық шығулардың және оларды қимылға келтіретін құрылғылардың, есіктерді басқару сымдарының, төбедегі желдетпе люктердің қақпақтарын ашу тетіктерінің, салонды желдету және жылыту жүйелерінің, есіктер жұмысының сигнал берулері мен аялдаманы талап ету сигналының, дыбыс сигналының дұрыстығы; орындықтардың, тұтқалардың, ілме басқыштардың, желдеткіштердің жай-күй мен бекітілуі, өрт сөндіргіштердің бар болуы және бекітілуі, дәрігерлік дәрі қобдишасының жабдықталуы тексерілуі тиіс.

Провести анализ соблюдения законности при перевозке детей в общеобразовательных школах, проживающих в отдаленных населенных пунктах района.

Согласно ст.1 п.1 Конституции, Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы. Деятельность в сфере автомобильного транспорта осуществляется на основе принципа приоритета безопасности, защиты жизни и здоровья людей, охраны природы и культурных ценностей (ст.4 Закона «Об автомобильном транспорте»).

В 2021 году в разных регионах страны имели место возгорания автобусов, перевозивших учащихся школ, создавая угрозу жизни человека. Безопасность детей при их перевозке к объектам образования и обратно до дома зависит, прежде всего, от технического состояния автотранспортных средств, а также от состояния здоровья и навыков водителей, управляющих данными транспортными средствами. Вместе с тем, анализом установлен ряд нарушений норм действующего законодательства при эксплуатации школьного автотранспорта.

Согласно ст.1 Закона «Об автомобильном транспорте», автобус – автомобильное транспортное средство, имеющее более восьми мест для сидения, а микроавтобус - автобус особо малого класса, имеющий не более шестнадцати мест для сидения.

В соответствии со ст.73 «О дорожном движении», в Республике Казахстан устанавливаются следующие категории и входящие в них подкатегории транспортных средств, на управление которыми предоставляется специальное право: Категория «D» – автомобили, предназначенные для перевозки пассажиров и имеющие более восьми сидячих мест, помимо сиденья водителя; автомобили категории «D», сцепленные с прицепом, разрешенная максимальная масса которого не превышает семисот пятидесяти килограммов.

Вместе с тем, подкатегория «D1» – автомобили, предназначенные для перевозки пассажиров и имеющие более восьми, но не более шестнадцати сидячих мест, помимо сиденья водителя; автомобили подкатегории «D1», сцепленные с прицепом, разрешенная максимальная масса которого не превышает семисот пятидесяти килограммов.

То есть, категория «D» предусматривает вождение автобусов, а подкатегория «D1» - микроавтобусов.

Установлено, что в нарушение требований пункта 107 Правил перевозок пассажиров и багажа автомобильным транспортом (утверждены приказом и. о. Министра по инвестициям и развитию от 26.03.2015 года №349, далее - Правила перевозок).

Также, в соответствии с п.3 «Правил организации труда и отдыха водителей, а также применения тахографов», утвержденных приказом и.о. Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 31.12.2015 года №1288, при осуществлении нерегулярных перевозок пассажиров и багажа автомобильными междугородными межобластными, межрайонными (междугородными внутриобластными) автобусами на оснащение тахографами.

Следовательно, ежедневное медицинское освидетельствование водителей и оснащение тахографами запрещает управлять транспортным средством в состоянии опьянения и усталости, что в свою очередь, угрожает безопасности детей.

Согласно ст.18 Закона «Об автомобильном транспорте», эксплуатация автотранспортных средств на территории Республики Казахстан допускается только при условии обязательного страхования гражданско-правовой ответственности их владельцев. Обязательному страхованию также подлежит гражданско-правовая ответственность перевозчика перед пассажирами за вред, причиненный жизни, здоровью и имуществу при совершении поездок на автотранспортных средствах, используемых для осуществления перевозок пассажиров и багажа.

Для перевозки детей допускаются водители в возрасте не менее двадцати пяти лет, имеющие водительское удостоверение соответствующей категории и стаж работы водителем не менее пяти лет, непрерывный стаж работы водителем автобуса не менее трех последних лет (пункт 273 Правил перевозки).

Автобусы, предназначенные для перевозки детей, должны иметь легкоъемные огнетушители емкостью не менее двух литров каждый (один - в кабине водителя, другой – в пассажирском салоне автобуса), две аптечки первой помощи (автомобильные) и т.д. (Пункт 245 правил).

Согласно ст.247 Правил перевозок, перед началом перевозок детей соответствие этим требованиям проводится проверка должностным лицом, на которое возложена ответственность за техническое состояние эксплуатируемых перевозчиком транспортных средств (главным инженером, начальником отдела технического контроля, иными ответственными лицами).

В том числе, проверка исправности аварийных выходов из автобуса и устройств приведения их в действие, привода управления дверями, механизма открывания крышек потолочных вентиляционных люков, систем вентиляции и отопления салона, сигнализации работы дверей и сигнала требования остановки, звукового сигнала; состояние и крепление сидений, поручней, подножек, форточек, наличие и крепление огнетушителей, укомплектованность медицинской аптечки.